

БӨЛІМ: САБАҚ ЖОСПАРЛАРЫ

Теңдеу. Теңдеудің түбірі

ЖАРИЯЛАНДЫ
12.02.2020СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/68354/

Мектеп: №125

Күні: Мұғалімнің аты-жөні: Махатова Гүлмира

Сынып: 5 Қатысқандар: Қатыспағандар:

Сабақтың тақырыбы Теңдеу. Теңдеудің түбірі

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме) 5.2.2.1 арифметикалық амалдардың белгісіз компоненттерін табу ережесі негізінде теңдеулерді шешу;

5.2.2.2 теңдеудің шығарылуының дұрыстығын тексеру тәсілдерін қолдану

Сабақтың мақсаты 1. Теңдеудің анықтамасын білу.

2. Арифметикалық амалдардың белгісіз компоненттерін табу ережесін теңдеулерді шешуде қолдану.

3. Теңдеудің түбірін табуға есептер шығарту және теңдеуді дұрыс құруға үйрету.

Бағалау критерийі 1. Теңдеуге мысал келтіре алады.

2. Теңдеудің түбірін табу әдістерін үйренеді.

3. Күрделі есептер шығара алады.

Тілдік мақсаттар

Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:

Теңдеу, теңдеудің түбірі, арифметикалық амалдар.

Диалогтер мен жазу үшін қолданылатын тіркестер

-Теңдеу деп...

-..... дегеніміз оның барлық түбірлерін табу немесе бірде бір түбірі болмайтынына көз жеткізу.

— Теңдеудің түбірі дегеніміз не?

Құндылықтарға баулу

Шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау, қарым қатынас жасау қабілеті, өзгелердің мәдениетіне және көзқарасына құрметпен қарау; достық және айналасындағыларға қамқорлық көрсету; өмір бойы білім алуға дайын болу.

Пәнаралық байланыс Еңбек, Сызу.

Алдыңғы білім

Сандарды қоса алады.

Азайтуды біледі.

Әріпті өрнектерді ажырата алады.

Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері

Ресурстар

Сабақтың басы

Змин

Змин

4 мин

Ұйымдастыру кезеңі

Оқушылармен сәлемдесу.

Оқушыларды түгелдеу.

«Сәлемдесу әдебі» бойынша оқушылар шеңбер құрып тұрады, әр оқушыға түрлі елдің сәлемдесу туралы конверт беріледі, бір бірімен түрлі елдің тілдерінде сәлемдеседі және сәлемдесу парағының артына жазылған сандар бойынша 4 топқа біріктіремін.

I топ Алғырлар

II топ Қырандар

III топ Тапқырлар

Үй тапсырмасын тексеру

«Попкорн» әдісі арқылы сағат тілі бойымен алмасып тексереді.

Есептің шешімін интербелсенді тақтада көрсетіледі.

«Тағы не білгіңіз келеді?» әдісі арқылы, оқушылармен бірге сабақтың мақсатын ашамын.

1. Теңдеу дегеніміз не?

2. Теңдеудің шешімін тап: $x-9=15$

3. Теңдеудің түбірін табыңдар:

$$14x+9x+11x=272$$

4. Белгісіз қосылғышты табу үшін қандай амал орындалу керек?

$$x+12=18$$

5. Белгісіз азайғышты табу үшін қандай амал орындалу керек?

$$x-17=18$$

6. Белгісіз көбейткішті табу үшін қандай амал орындалу керек?

$$9x=36$$

7. Белгісіз бөлінгішті табу үшін қандай амал орындалу керек?

$$x:7=2$$

Оқушыларды смаликтермен бағалаймын.

Конверт

Кітап

Смайликтер

Оқулық

Сабақтың ортасы

5 мин

7мин

10 мин «АВС» жұптық әдісі арқылы ,оқушылар оқулықпен жұмыс жасайды.(Диірмен әдісімен тексеріледі)

№567

Теңдедің түбірін табындар:

1) $(4249+x):54=69$

2) $1215:(71-y) =27$

3) $(1001-x)*13=1157$

«Ойлан,жұптас,бөліс» әдісі арқылы тізбектей әр топқа оқулықтан тапсырма беріледі.тізбектей орындау арқылы тапсырманы орындауға барлығы атсалысады және бір- біріне көмектеседі. Топ мүшелерінің тапсырманы орындау барысында үлгерімі төмен оқушыларға бағыт бағдар беру арқылы кері байланыс жасаймын.

Өрнекті тепе тең өрнекке түрлендіріңдер

I топ

№778

$(3728-y):54=69$

Дескриптор:

-көбейту амалын орындайды.

-азайту амлын орындайды.

-теңдеудің түбірін тауып,тура теңдік екенін тексереді

II топ

$992:(130-x)=62$

Дескриптор:

-бөлу амалын орындайды.

-азайту амлын орындайды.

-теңдеудің түбірін тауып,тура теңдік екенін тексереді

III топ

$(148+z)*3=1584$

Дескриптор:

-бөлу амалын орындайды.

-қосу амалын орындайды.

-теңдеудің түбірін тауып,тура теңдік екенін тексереді

«Батпақты жер» әдісі арқылы деңгейлік тапсырмалар беремін.(Бағдаршам әдісі арқылы

бағалаймын)

№1

Бақтағы жидектердің барлығы 37 түп. Ондағы қарылған қарақаттан 3 түп артық, ал таңқурайдан екі есе кем.Бақтағы қарлыған неше түп? Таңқурай неше түп?

№2

Жихангер 5 күнде 45 км жол жүрді. Бірақ әр күні алдыңғы күнгісінен 4 км аз жол жүрді.Жихангер ең соңғы күні неше км жол жүрді?

№3

Қандайда бір санды 7-мен кеміткеннен кейін 10 есе азайтса алғашқы саннан 34 пен аз сан шықты.алғашқы санды тап.

Топтық жұмыс.Өрнектерді тепе тең түрлендіру арқылы, өрнектің тепе -тең екенін дәлелдеу бойынша көпбұрыш құрастыру.Тарсия ойыны

«Ротация» әдісі негізінде 4 топ оқушылары бір бірінің жұмыстарын тексереді.туындаған қиындықтары туралы жетістіктері туралы айтады.Бас бармақ тәсілі арқылы бағалайды.

Оқулық

Сабақтың соңы

5мин

Змин «Бір минут» әдісі арқылы сабақты бекітемін. Оқушының жеке пікірін білуге және өз ойын толық жеткізуге мүмкіндік беремін.

Кері байланыс «Бес саусақ» әдісі

rrrбюю

A3 форматтағы қағаз

A4 форматтағы қағаз

Саралау – Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз? Бағалау – Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?

«Сәлемдесу әдебі», «АВС» , «Тарсия» әдісі,

« Батпақты жер» «Ротация» әдісі арқылы әр тапсырмада оқушыларға қабілетіліктеріне қарай қолдау көрсетемін.Деңгейлік тапсырмалар беремін (А,В,С)

Әр тапсырмалар арқылы оқушылардың қарқынын арттыру бағалау жүргізіп отырамын

Сабақтың әрбір бөлімі сайын кері байланыс беремін.

«Жарайсың,керемет»және «бас бармақ », фигуралар арқылы бағалаймын.

Әр тапсырмалар арқылы оқушылардың қарқынын арттыру бағалау жүргізіп отырамын
Сыныпта қауіпсіздік техникасын түсіндіремін және сақтау қадағалаймын

Сабақ бойынша рефлексия

Сабақ мақсаттары немесе оқу мақсаттары шынайы, қолжетімді болды ма?
Барлық оқушылар оқу мақсатына қол жеткізді ме? Егер оқушылар оқу мақсатына жетпеген болса, неліктен деп ойлайсыз? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме?
Сабақ кезеңдерінде уақытты тиімді пайдаландыңыз ба? Сабақ жоспарынан ауытқулар болды ма және неліктен?

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.